

Қыз бала -33

Ұл - 56

*Ұлттық құрамы:*

қазақ ұлтынан – 20 (26,5%),

орыс ұлтынан –32 ( 39%),

өзге ұлтынан – 37 (34,5 %.)

*Жас ерекшеліктері:*

3 - 6 жас– 8 (8,1%)

7 - 13 жас – 60 (59,1%)

14 – 18 жас – 21 (32,8 %)

Есеп беру кезеңінде, яғни 2021 жылдың 3 тоқсанында Орталықтағы балалардың қозғалысы туралы және бүгінгі таңда тәрбиеленіп жатқан балалардың оқумен қамтылуына тоқтала өтті. Сонымен қатар, биылғы жылдың түлектері қайда оқуға түскені туралы есеп беріп өтті.

Тәрбиеленушілердің әлеуметтік құқығын қорғау барысында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жасалынған құжаттар мен балаларды отбасына орналастыру жұмыстарына тоқталып, слайд арқылы қазіргі балалардың тұрмыс жағдайымен таныстырды.

2021 жылғы балалардың жазғы сауықтыру «Берікқара» лагерінде демалысы туралы, тәрбиеленушілердің жағдайымен танысып, балалармен кездесіп қайтқан Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Е.Дүйсенбаев және судья Т.Султанова, облыстық маслихат депутаты Ж.Танкебаев және орталығымыздың Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Гулнар Жанкеновнаның жұмыстарын атап өтті.

Сондай-ақ балалардың тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында қонаққа келген бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты *Раззақ Нәзилә* Раззақбайқызы және Жамбыл облыстық маслихатының депутаттарына өз атынан және тәрбиеленушілер атынан алғысын білдірді.

Директор - А.Мейрханова сонымен қатар орталықта өткізілген жыл сайынғы кезекті жөндеу жұмыстарына, мекеме қызметкерлерінің 100 пайыз вакцина алуымен қатар, орталықта және министрлікте өткізілген іс-шараларға да көңіл бөліп, есебін беріп өтті.

Облысымыздағы «Мектепке жол» акциясы аясында Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры, Жамбыл облыстық маслихатының депутаты Ерболат Саурыков және «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясын мүшелері балаларға мектепке қажетті заттар сыйға тартты. Сонымен қатар, орталық әкімшілігінің көптен бері көтеріліп жүрген монша мәселесіне тоқталып, орталықтың ауласынан 7-8 орындық монша сызбасының жобасын сызып, бекітуге жіберді.